

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 09 қаңтардағы "Аудандық коммуналдық мүліктегі мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" № 03 қаулының күшін жою туралы

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі № 247 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-1 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №212 бұйырығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 09 қаңтардағы № 03 "Аудандық коммуналдық мүліктік мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 17 ақпандағы № 2529 болып тіркелген (Т.Рысқұлов аудандық "Құлан таңы" газетінің 2015 жылдың 11 наурызындағы №23 (7067) және 2015 жылдың 10 сәуіріндегі № 31 (7075) нөмірлерінде жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлпеисов Бейсенбек Әшімалыұлына жүктелсін.

Аудан әкімі

Ж. Айтаков